



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2022 жылғы 24 маусым мен 1 шілде аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталарына шолу

2022 жыл, 4 шілде

Сауда-саттық қорытындысы бойынша, 1 шілдеде теңгенің нарықтық бағамы бір аптада 0,9%-ға (470,9 теңгеден) нығайып, 1 АҚШ доллары үшін 466,44 теңге деңгейінде қалыптасты. Сыртқы валюта нарығында бірқатар маңызды оқиға болды, олардың негізгісі – Португалиядағы Еуропалық орталық банктің жыл сайынғы конференциясында бірқатар орталық банк басшыларының арттыру риторикасы. Джером Пауэлл базалық инфляцияның артуы мен ФРЖ-ның нысаналы деңгейді 2%-дан асыру қаупі бар екенін мәлімдеді, бұл өз кезегінде «ақша-кредит саясатының барынша агрессивті айналымы» дегенді білдіруі мүмкін.


Дамушы елдерде АҚШ долларына қатысты валюталар бағамының динамикасы¹ төмендегідей қалыптасты:

- **түрік лирасы** реттеушінің корпоративтік қарыз алушылар үшін лирадағы коммерциялық кредиттерді шектеу шаралары аясында 1,1%-ға (16,93-тен 16,75-ке дейін) нығайды;
- **Индонезия рупиясы** шикі мұнай бағасының әлемдік өсуі және инфляцияның жеделдеуі (тұтыну бағасы маусымда 4,35%-ға өсті, бұл 2017 жылдың ортасынан бастап ең жылдам қарқын болып табылады) аясында 0,6%-ға (14848-ден 14943-ке дейін) әлсіреді;
- **үнді рупиясы** шетел капиталының әкетілуі, сондай-ақ мұнай бағасының көтерілуі аясында 0,9%-ға (78,34-тен 79,04-ке дейін) әлсіреді, бұл өз кезегінде ағымдағы шот тапшылығының ұлғаюына байланысты алаңдаушылықты күшейтеді;
- **Бразилия реалы** жаһандық тәуекел сентиментінің төмендеуі аясында 1,7%-ға (5,24-тен 5,33-ке дейін) әлсіреді;
- **Мексика песосы** АҚШ доллары мен теріс тәуекел сентиментінің нығаюы аясында 2%-ға (19,87-ден 20,26-ға дейін) әлсіреді;
- **Ресей рублі** ОБ-ның валюта шектеулерін кезекті жеңілдетуі (жеке тұлғалардың валютаны шетелге аудару лимиті 1 млн АҚШ доллары) аясында 2,1%-ға (53,4-тен 54,5-ке дейін) әлсіреді, бұл шетел валютасына сұранысты арттырды;
- **Оңтүстік Африка ранды** Eskom мемлекеттік энергетика компаниясы қызметкерлерінің наразылығына байланысты электр энергиясын берудегі іркілістер аясында 3,9%-ға (15,8-ден 16,42-ге дейін) әлсіреді.

¹ АҚШ долларына қатысты көлемі тұрғысынан барынша көп саудаланатын дамушы елдердің валюталары


Дамушы елдердегі валюталар бағамының АҚШ долларына қатысты өзгеруі, %

(2022 жылдың басынан 1 шілдеге дейінгі аралықта)





Дамушы елдердегі валюталар бағамының АҚШ долларына қатысты өзгеруі, %

(2022 жылдың 24 маусым - 1 шілде аралығында)



**Дамушы елдер валюталарының серпіні
(2022 жылғы 17 маусым =100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)**



БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz